

**"Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 271 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 22 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5707 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 230 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.05.21 № 230 Бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5115 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 22 ақпандағы N 28 санында жарияланған), "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 213 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 24 сәуірде N 5197 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 16 мамырдағы N 73 санында жарияланған) және "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 маусымдағы N 359 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 19 маусымда N 5241 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 4 шілдедегі N 101 санында жарияланған) бұйрықтармен өзгерістер

мен толықтырулар енгізілген және оған мынандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесінде :

3-тармақта "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы (бұдан әрі - БТМСҰО)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - ҰТО)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8-тармақ мынандай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шетел азаматтарын ақылы негізде шетел тілінде оқытуға қабылдау жоғары оқу орындары оқыту тілінде жүргізетін кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша жүзеге асырылады . "

"3. Білім беру грантын тағайындау тәртібі" деген тарау алынып тасталынсын.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережесінің 1-қосымшасында :

3-жолдағы "Қылмыстық-атқару жүйесінің Комитеті Қостанай заң институты" деген сөздер "Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Академиясы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8-жолдағы "Шет тілдерінің әскери институты" деген сөздер "Әскери институты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9-жолдағы "Петропавл жоғары әскери училищесі" деген сөздер "Ішкі әскерлердің Әскери институты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10-жол алынып тасталсын ;

11-жол "Ұлттық" деген сөзден кейін "қорғаныс" деген сөзбен толықтырылсын .

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті ( С . М . Ө м і р б а е в ) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялануын қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін .

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі Ж. Түймебаев

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
----- Ж. Досқалиев

2009 ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК